

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 606-617, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_606-617

**КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ
(1946-1970 ж.ж.)**


Тастанбек Яхьяұлы Сәтбай¹, Талғат Жолдасұлы²

^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан)

¹Тарих ғылымдарының докторы, аға оқытушы

 <https://orcid.org/0000-0002-0697-7686>. E-mail: dastan.satbai@mail.ru

²Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.

 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com



© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т., 2023



Андатпа. *Kіріспе.* Кеңестік жүйеде барлық өнер өкілдерінің шығармашылық одақтары құрылды. Бұл Кеңестік билікке олардың шығармашылығын бақылауға мүмкіндік берді. Мақалада 1946-1970 жылдардағы Қазақстан Композиторлар одағының қызметі қарастырылып талданады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Қазақстан Композиторлар одағының 1946-1970 жылдардағы қызметін қарастыру; Қазақстан композиторлары туындыларындағы Кеңестік идеологиялық талаптардың ықпалын таразылау; Кеңестік Қазақстан композиторларының ұлттық мәдениеттің дамуына қосқан үлесін талдау. *Нәтижелер.* 1960-1970 жылдары Қазақстан кәсіби композиторларының қалыптасуы біржолата аяқталды. Композиторлар одағы Қазақстан сазгерлерін біріктірген құрылым ретінде оң рөл атқарды. Қазақстан композиторлары идеологиялық талғамдарға сәйкес тек патриоттық, көтеріңкі марштық өлеңдер жазуға тиісті болды. Музыкалық жанрлардың ішінен тек Европалық кейбір классикалық жанрлар ғана мойындалып, дәстүрлі қазақ ән өнерін бағалау қағажу қалдырылды. Соған қарамастан 1946-1970 жылдары Қазақстан композиторларының табыстары елеулі болып, одақтық деңгейде танымал болды. *Қорытындылар.* Композиторлардың қалыпты шығармашылығына кеңестік биліктің талаптары кері әсер етті. Соған қарамастан Қазақстан композиторлары ұлттық рухани мәдениеттің дамуына сүбелі үлес қосты. Шығармашылық құрылымдағы көркемдік кеңестің ән мәтіндері мен әуендерінің мазмұнды шығуына ықпал етті. Композиторлар одақ аясында өзара тәжірибелер алмасты. Сондай-ақ аталған одақтың жолдамасыменен көптеген музыканттар Мәскеу мен Ленинградтың консерваториялары мен ұжымдарында білімін жетілдірді.

Түйін сөздер: Композиторлар, шығармашылық одақ, мәдениет жүйесі, Кеңестік жүйедегі музыка, көркемдік мәдениет.

Дәйексөз үшін: Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т. Кеңестік Қазақстан композиторлар одағы қызметінің тарихы (1946-1970 ж.ж.) // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 606-617 б. (Орыс.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_3_606-617

**HISTORY OF THE UNION OF COMPOSERS OF SOVIET KAZAKHSTAN (1946-1970 y.)***Satbay Tastanbek*¹, *Talgat Zholdassuly*²^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda University (29A, Ayteke Bi Str., Kyzylora, 120000, Kazakhstan)¹Doctor of Historical Sciences, Senior Teacher <https://orcid.org/0000-0002-0697-7686>. E-mail: dastan.satbai@mail.ru²Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

Abstract. Introduction. In the Soviet system, creative unions of all representatives of the arts were created. This allowed the Soviet authorities to control their creativity. The article analyzes the activities of the Union of Composers of Kazakhstan in 1946-1970. *The purpose and objectives of the study* – consider the activities of the Union of Composers of Kazakhstan in 1946-1970; analyze the influence of Soviet ideological requirements on the work of Kazakh composers; determine the contribution of composers of Soviet Kazakhstan to the development of national culture. *Results.* In the 1960s and 1970s, the formation of professional composers in Kazakhstan was finally completed. The Union of Composers played a positive role as a structure that united the musicians of Kazakhstan. The composers of Kazakhstan had to write only patriotic, marching songs in accordance with ideological requirements. Among the musical genres, only European classical genres and musical forms were recognized, while the traditional forms and features of the Kazakh song art were ignored. Nevertheless, in 1946-1970, Kazakh composers achieved significant success and were recognized at the all-Union level. *Conclusions.* The strict requirements of the Soviet authorities in the field of song art had a negative impact on the work of composers. Despite this, Kazakh composers have made a significant contribution to the development of national musical culture. It should be noted that the so-called artistic councils played a positive role in the content of the lyrics. Within the framework of the union, composers exchanged experience. Also, with the help of this union, many musicians improved their education in conservatories and musical groups in Moscow and Leningrad.

Keywords: composers, creative union, cultural system, music of the Soviet period, art culture.**For citation:** Satbay T., Zholdassuly T. History of the union of composers of soviet Kazakhstan (1946-1970 y.) // *Otan tarikhy*. 2023. Vol. 26. No. 3. Pp. 606-617 (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_606-617**ИСТОРИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОЮЗА КОМПОЗИТОРОВ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА (1946-1970 гг.)***Тастанбек Яхьяулы Сатбай*¹, *Талгат Жолдасулы*²^{1,2}Кызылординский университет им. Коркыт Ата (д. 29А, ул. Айтеке Би, 120000 Кызылорда, Казахстан)¹Доктор исторических наук, старший преподаватель <https://orcid.org/0000-0002-0697-7686>. E-mail: dastan.satbai@mail.ru²Доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

Аннотация. Введение. В советской системе создавались творческие союзы всех представителей искусства. Это позволяло советской власти контролировать их творчество. В статье анализируется деятельность Союза композиторов Казахстана в 1946-1970 гг. *Цель и задачи исследования* – рассматривать деятельность Союза композиторов Казахстана в 1946-1970 гг.; анализировать влияния советских идеологических требований на творчество казахстанских композиторов; определить вклад композиторов Советского Казахстана в развитие национальной культуры. *Результаты.* В 1960-е и 1970-е годы окончательно завершилось формирование профессиональных композиторов Казахстана. Союз композиторов сыграл положительную роль как структура, объединявших музыкантов Казахстана. Композиторы Казахстана должны были писать только патриотические, маршевые песни в соответствии с идеологическими требованиями. Среди музыкальных жанров были признаны исключительно



европейские классические жанры и музыкальные формы, тогда как традиционные формы и особенности казахского песенного искусства игнорировались. Тем не менее в 1946-1970 годы казахстанские композиторы добились значительных успехов и были признаны на всесоюзном уровне. *Выводы.* Жесткие требования советских властных структур в области песенного искусства отрицательно отражались на творчестве композиторов. Несмотря на это казахстанские композиторы внесли значительный вклад в развитие национальной музыкальной культуры. Надо отметить, что так называемые художественные советы сыграли положительную роль на содержание текстов песен. В рамках союза композиторы обменивались опытом. Также с помощью этого союза многие музыканты повышали свое образование в консерваториях и музыкальных коллективах Москвы и Ленинграда.

Ключевые слова: композиторы, творческий союз, система культуры, музыка советского периода, художественная культура.

Для цитирования: Сатбай Т.Я., Жолдасулы Т. История деятельности союза композиторов советского Казахстана (1946-1970 гг.) // Отан тарихы. 2023. Т. 26 (3). С. 606-617. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_606-617

Кіріспе. 1940 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың соңындағы Қазақстан шығармашылық одақтарының жұмысы кеңестік саяси жүйенің эволюциясы мен оның жоғарғы топтарындағы «сарай төңкерістерімен» тығыз байланысты болды. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында шығармашылық одақтардың жұмысына билеуші топтардың баса-көктеп араласуы күшейе түсті. Бұл Қазақстан Композиторлар одағының күнделікті қызметінен көрінді. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда алты шығармашылық одақ жұмыс жасады. Барлық шығармашылық одақтардың қызметі сияқты Қазақстан композиторлар одағының қызметі де «кеңес мемлекетінің кезекті міндеттеріне» бағындырылды. Олар негізінен кеңес халқының ұлы отан соғысы жылдарындағы ерлігін, Сталиннің қаһармандық ролын бейнелеу және басқа толып жатқан идеологиялық міндеттерден тұрды. Сталин қайтыс болғаннан кейін саяси ахуал өзгеріп, 1957 жылы КСРО Композиторлар одағының II-съезінде КОКП Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Д.Т. Шепилов «Кеңес композиторларының музыкалық шығармашылығы идеологиялық қаруға айналуға тиіс» деп жариялады. Оның ойынша Батыстың «жеңіл музыкасы» «үңгірдегі адамдардың ұлуы» (оргий пещерных людей) болып саналды (Шадрин, 2013: 206). Бұл талап одақтас республикалардың шығармашылық ұйымдарына да міндеттелгені сөзсіз еді.

Сталиннен кейінгі кезеңдегі оң өзгерістердің жемісі Қазақстан Композиторлар одағының қызметінен де көрінді. Әсіресе, 1960 жылдардың басында қазақ ән өнерін жаңа деңгейге көтерген, талантты композиторлар шоғырының қазақ мәдениетіндегі орны ерекше болды. Соған қарамастан, 1960 жылдардың ортасынан бастап, мәдениет және оның салаларын, құрылымдарын, шығармашылық одақтардың жұмысын басқарудың әміршіл-әкімшілік әдістері қатая түсті. Көркем өнер шығармалары идеялық-саяси мазмұнымен ғана бағаланып, өлшенді. Көркемдік мәдениеттегі ілгері басушылық сапалық көрсеткіштермен емес, сандық көрсеткіштермен өлшеніп: жазушылар, актерлар, суретшілер, журналистер және композиторлардың сан жағынан өсуі үнемі алға тартылып отырды. Осылайша, шығармашылық өнімнің көркемдік құндылығы екінші кезекке ығыстырылды. Композиторлардан еңбек адамдарына арналған мамандық әндер, партия мен комсомолдың ерліктерін дәріптейтін шығармалар жазу және басқа да тақырыптық туындылар талап етілді. Шығармашылық одақтардың жұмысында бюрократизм, саяси шарттарға бейімделушілік байқалып, конформистік элементтерге орын берілді.

Қазіргі уақытта Егемен Қазақстан ұлттық музыканы өркендетуді қолға алып жатқан тарихи тұста – Композиторлар одағы мен басқа да шығармашылық одақтардың орнын айқындаудың, олардың қоғамның рухани сауығуындағы ролін айқындаудың маңызы зор. Бұл Композиторлар одағының тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін болады. Шығармашылық одақтардың кеңестік «тар жол тайғақ кешу» кезеңін жаңаша ғылыми ой елегінен өткізу – ән өнеріндегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан, нобайлардан тезірек арылуға да мүмкіндік береді.



Материалдар мен әдістер. Мақалада негізінен архив құжаттары қолданылды. Дәлірек айтқанда, Қазақстан республикасы орталық мемлекеттік архиві, 1840-қорының (Қазақстан композиторлар одағы) құжаттары кеңінен пайдаланылды. Зерттеліп отырған ғылыми тақырыпқа қатысты архивтік түпдеректер негізінен осы аталған архивте сақталған. Әсіресе ондағы композиторлар одағы съездерінің, пленумдарының, шешімдерінің, одақ басқармасы мәжілістерінің және секция отырыстары хаттамаларының деректік маңызы зор. Сондай-ақ, шығармашылық одақ басқармасының Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне берген есептерінің, қатынас қағаздарының да деректік орны ерекше. Бұл материалдар тоталитарлық жүйенің көркем интеллигенцияға қарсы жүргізген саяси идеологиялық науқандарының механизмдерін ашуға көмектеседі. Сонымен қатар, мақаланы даярлауда Кеңес Одағы мен Қазақстан мерзімді басылымдары материалдарының деректік маңызының жоғары болғанын да ерекше атап өткен жөн. Тоталитаризм жылдары көркем интеллигенция мен олардың шығармашылық одақтарына қарсы саяси науқандар нақ осы баспасөз беттерінен басталатын. Сонымен бірге, композиторлар одағының жекеленген өкілдерінің естеліктері пайдаланылды. Сондықтан зерттеу жұмысының деректік негізінің едәуір бөлігін түпдеректер құрайды.

Зерттеу жұмысының барысында автор ғылыми танымның негізгі ұстанымдары – тарихилық, жүйелілік, детерминизм мен объективтілік принциптеріне арқа сүйеді. Тарихилық - деректердің аясын кеңейту, зерттеу объектісіне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру, қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Жүйелілік принципіне сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар хронологиялық реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін көркем интеллигенция мен шығармашылық одақтардың тарихындағы кезеңдер бөлініп қаралды. Детерминизм мен кешенділік принципі ұстана отырып көркем интеллигенцияға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік туды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының барысында сипаттамалық, салыстырмалы, индуктивті-дедуктивті және басқа да бірқатар әдістер көмекші және бірін-бірі толықтырушы бағытта қолданылып, олар бастапқы зерттеу жағдайында синергетикалық әсерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Талқылау. Қазақстанның көркем интеллигенциясының шығармашылығын зерттеуге, әрбір көркем өнер саласының өз өкілдері ат салысты. 1950-1960 жылдары Қазақстан музыка мәдениетіне арналған байыпты зерттеулер дүниеге келді. Бұл орайда, А. Жұбановтың зерттеулерін атап өткен жөн. Оның еңбектерінде қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы қамтылды (қараңыз; А. Жұбанов. *Замана бұлбұлдары*. Алматы, 1963.). 1960-1970 жылдары Қазақстан композиторларының әндері мен романстарына, қазақ және орыс музыкасының шығармашылық байланыстарына, халық композиторлары мен Кеңестік Қазақстан композиторларының шығармашылығына, қазақ музыкасының жаңа формаларына және республикадағы көркем өнердің жалпы дамуына арналған зерттеулер молая түсті (қараңыз; М.М. Ахметова. *Песня и современность*. Алматы, 1968.; соныкі: *Советтік қазақ музыкасы*. Тарихи очерк. Алматы, 1975; Б.Г. Ерзакович. *Народная музыка Казахстана*. Краткий исторический очерк. Алматы, 1975.).

1980-1990 жылдары Қазақстан музыкасының теориясы мен тарихына, музыка фольклорының тарихнамасына, қазақ балетіне және халықтық билерге қатысты С.Б. Брусиловский, Д. Абиров пен А. Исмаилов, Б.Г. Ерзакович пен З.Қ. Қоспақов, Б. Аюханов, З. Дүкенбаева және Ә. Мұханбетовалардың ғылыми және көпшілікке арналған еңбектері жарық көрді (қараңыз; С.Б. Брусиловский. *Дүйім дүлділдер* // *Жалын*, 1995, № 1, 2, 3, 4, 5; Д. Абиров, А. Исмаилов. *Казахские народные танцы*. Алматы, 1983; Б.Г. Ерзакович, З.К. Коспаков. *Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы*. Алматы, 1986; Б. Аюханов. *Мой балет*. Алматы, 1988; Ә. Мұханбетова. *Қағажу көрген қазақ музыкасы* // *Жұлдыз*, 1991, №5; З. Дүкенбаева, *Қазақстан шығармашылық одақтары және оның Қазақстан халқының мәдениетін дамытудағы рөлі (1920-30жж.)*. т. ғ. к. ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1994.). Дегенмен мұндай мақалалар мен зерттеулерде қазақ көркем өнері туралы жаңа құнды пікірлердің болғандығына қарамастан, Қазақстан Композиторлар одағының жұмысы арнайы қарастырылмайды.



Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Композиторлар одағының жекелеген мүшелері туралы үлкен еңбектер пайда болды. Мысалы, Б. Қожырұлының, Н.С. Кетегенова мен А. Нусупованың құрастырған еңбектерін ерекші айтуға болады (қараңыз; Б. Қожырұлы. Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары (антология). I-том. Алматы, 2010; Б. Қожырұлы. Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары (антология). II-том. Алматы, 2016; Н.С. Кетегенова, А. Нусупова. Қазақстан композиторлары – Композиторы Казахстана, Творческие портреты. В трех томах. Алматы, 2017.). Бұл еңбектер тәуелсіздік кезеңінде шыққандықтан, онда 1960-1970 жылдардағы Композиторлар одағының жеке мүшелеріне қатысты неғұрлым толық әрі тәуелсіз, тың тұжырымдар жасалынған. Өкінішке орай аталмыш еңбектерде ақпараттық сипат басым және жекеленген композиторлардың шығармашылықтары Қазақстан Композиторлар одағының қызметі аясында қаралмайды. Зерттеу жұмысының мақсаты аталған кемшіліктердің орнын толтыруға үлес қосу болып табылады.

Нәтижелер. Кеңестік Қазақстан шығармашылық одақтары 1946-1970 жылдары көркем әдебиет саласындағы идеологиялық талаптар аясында қызметін атқаруды жалғастырды. Ол кезеңде Қазақстан композиторларының негізгі шығармашылық міндеті – Ұлы Отан соғысындағы Кеңес халқының қаһармандық өмірін, соғыстан кейінгі кезеңдегі еңбектегі ерлігін бейнелейтін музыкалық шығармалар жазу болды. Айта кету қажет, композиторлардың қызметін басқару үшін мемлекеттің бастамасымен олардың шығармашылық одақтары құрылды деген пікір үстем болып келді. Алайда, соңғы уақыттағы зерттеулер композиторлардың кәсіби одағы ретінде арнайы «бастауыш ұйымның» болуының төменнен басталғаны анықталып отыр (Власова, 2022: 134-136). Қазақстан Композиторлар одағының Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Б. Ерзакович, Л. Хамиди, М. Ержановтардан құрылған басқарма құрамы одақтың шығармашылық мүмкіндіктерін Кеңес халқының қаһармандық өмірін, ерлігін дәріптеуге арнады. Ең бірінші кезекте ұйымдастырушылық жұмыстарды жолға қою қажет болды. Өйткені, 1939 жылдан басталған Композиторлар одағын құру жолындағы іс-шаралар соғыстың салдарынан тоқтап қалған болатын. Сондықтан шығармашылық секциялар жұмыстарын жақсарту, Қазақстан композиторларының I-съезін шақыру, сөйтіп Шығармашылық одақты құруды аяқтау күн тәртібіне қойылды. Бұл жылдары одақта төрт шығармашылық: опералық-симфониялық, камералық аспаптар музыкасы, бұқаралық жанрлар, музыка тану және жастар секциялары жұмыс істеді.

1948 жылдың 27-30 қазан күндері Қазақстан композиторларының I-съезі өтіп, оның қажеттілігі Қазақстан Композиторлар одағының жарғысын бекітуден және одақтың жаңа басқармасы мен тексеру комиссиясын сайлаудан туындаған еді. Съезд сол тұстағы БКП(б) Орталық комитетінің қабылдап жатқан идеологиялық талаптарымен ұйымдастырылды. Есепті баяндама жасаған Композиторлар одағының төрағасы Е. Брусиловский бүкіл Кеңес музыкасы сияқты Қазақстан музыкасында да екі бағыттың: «дұрыс бағыттың және халыққа қарсы бағыттың бар екенін» атап көрсетті.

Қазақстан композиторларының қызметі қорытындылана отырып, кемшілік ретінде «тарихи тақырыптармен әуестенушіліктің» белең алғаны сыналды. Композиторлар Е. Манаев, Д. Мацуциннің «шығармашылық белсенділік танытпағаны», Л. Хамидидің Одақ жұмысынан «бойын аулақ ұстағандығы» мен «саяси ой-өрісінің таяздығы» және Қазақстан радио комитетінің төрағасының да «ірі музыкалық формадағы шығармаларға мүлде тапсырыс бермейтіндігіне» сын айтылды. «Сын мен өзара сын» барынша өрістетілген жағдайда Е. Брусиловский де сыннан тыс қалған жоқ. Ол композитор Б. Байқадамов тарапынан «Қазақстанда тұра бастағанына 15 жыл болса да, әлі күнге дейін қазақ тілін үйренбегендігі» үшін сынға ұшырады. Қазақстан радио комитетінің төрағасы тарапынан композиторлар Е. Брусиловский мен А. Жұбановтың «Халық үшін кіші музыкалық формадағы бұқаралық әндерді жазуды өздеріне лайық көрмегендігі» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 28-іс, 7, 70, 191-п.) айтылды.

Съездің қаулысында Қазақстан композиторларының әлі күнге дейін толыққанды опералық шығармалар жазудағы өз міндеттерін лайықты орындай алмай келе жатқандығы аталып көрсетілді. Съезде басқарма құрамы толықтырылып оған композитор Мұқан Төлебаев енгізілді. 1949 жылдың 24 маусымында өткен Қазақстан композиторларының жалпы жиналысында: «Қазақстан Кеңес Композиторлары одағындағы шығармашылық жұмыстардың жағдайы туралы», «Кеңес халқының ұлы көсемі және ұстазы И. Сталинге арналған Қазақстан әндерінің



конкурсы туралы» мәселелерді қарады. Жиналыстың қаулысымен композиторлардың алдына «Сталин жолдасқа арналған шығармалар жазу», «опералық шығармалардың көптеп пайда болуы жолында күресу» міндеттері жүктелді. Осы рухта 1949 жылы 1 тамызында опералық-симфониялық секция мәжілісінде музыкалық шығармалардың конкурсы қорытындыланып, мәжілістің қаулысымен КСРО композиторларының пленумына Сталиннің туғанына 70 жыл толуына арналған Е. Брусиловскийдің кантатасы, М. Иванов-Сокольский өңдеген Д. Нұрпейсованың «Сталин туралы күйі» жазылды.

1949 жылдың 21-24 қазан аралығында өткен Қазақстан композиторларының пленумы да композиторлардың алдына ірі музыкалық формаларда: опералық, симфониялық, кантаталық шығармалар жазуды одан әрі міндеттеді. 1940 жылдары Қазақстан композиторларының белсенділігі нақ осы ірі музыкалық жанрлардан көрінді. 1946 жылы қараша айында композитор М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының премьерасы сәтті шықты. 1949 жылы М. Төлебаевқа және операны қоюшылар мен орындаушылардың бір тобы – Қ. Жандарбековке, А.И. Ненашевқа, К. Байсеитоваға, Ә. Үмбетбаевқа, Б. Досымжановқа, Ш. Бейсековаға КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді. 1949 жылы «Біржан-Сара» операсы орыс тіліне аударылды және сол уақыттан бастап бірқатар одақтас республикалардың опера театрларының репертуарына кірді (Қазақ ССР-і тарихы, 1984: 369). Сонымен қатар, 1949 жылғы ҚКП(б) Орталық комитеті «Республикадағы театр өнерінің жағдайы және міндеттері туралы» қаулы қабылдады және қазақ ұлттық театрының репертуарын қанағаттанарлықсыз деп атап көрсетті. Сондай-ақ, қазақ ұлттық балетін құру мәселесі көтерілді. Композиторлардан идеялық жағынан мазмұнды балет туындылары күтілді (Кетегенова, Нусупова, III-том, 2017: 16).

1946-1953 жылдары БКП(б)-ның саяси-идеологиялық қаулы-қарарлары Композиторлар одағында толассыз талқыланып отырды. Билеуші партияның кезекті қаулы-қаралары мен науқандары Композиторлар одағының шығармашылық күштерін топтастыруға қызмет етуге тиіс еді. Алайда, шын мәнісінде мұндай талқылаулар одақ мүшелерінің арасындағы тартыстарды күшейтіп, композиторлардың шығармашылық жұмыстарға көңіл бөлуіне кедергі келтірді. Қалыптасқан күрделі жағдайда, тіпті Алматы консерваториясын жабу туралы ұсыныстар айтыла бастады. Оны Ташкент консерваториясымен біріктіру қаупі төнді. Осындай жағдайда, Алматы консерваториясын сақтап қалу жолында, композитор А. Жұбанов аянбай белсенділік көрсетті.

1950 жылдың 21-24 қазан күндері КСРО Композиторлар одағы шенеуніктерінің қатысуымен Шығармашылық одақтың жалпы жиналысында «Қазақстан композиторларының шығармаларын талқылау» ұйымдастырылды. Жиналыста сөйлеген А. Жұбановтың: «Былтырғы жылдың өзінде-ақ, тіпті өнер жөніндегі басқарма тарапынан да, мұнда Алматыда консерватория ұстаудың мағынасы жоқ деген сөздер естіле бастады. Себеринмен (Мәскеулік өкіл) болған әңгімеде ол: егер біз Алматы мен Ташкент консерваторияларын біріктірсек қайтеді деді. Мен оған тарих, мәдениет, этнография, тіпті әнді айту мақамы және аспаптар мәдениеті тұрғысынан бұлар екі түрлі халық екенін түсіндірдім. Мен Себерин жолдасқа, большевиктердің қолынан барлығы да келеді, бірақ, кейде біріктіруге болмайтын нәрселердің де болатындығын айттым» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 40-іс, 48-п.) деуі консерваторияны жабуды жақтайтындарға қарсы орынды уәж болды. Қазақстан Композиторлары одағы мүшелерінің де А. Жұбановтың пікірін қолдауы Алматы консерваториясының сақталып қалуына септігін тигізді.

Басым бағытта ірі музыкалық формада шығармалар жазу дәстүрі және Шығармашылық одақты осы бағытта лайықтап ұйымдастыру 1950 жылдардың басында да жалғасын тапты. Ірі формадағы музыкалық шығармашылыққа маманданған ұлттық композиторлардың саны да арта түсіп, кәсіби шеберлігі кемелденді. «Бұл кезеңнің басты жеңісі – еліміздің орталық қалаларында, Мәскеу консерваториясының ұлттық студияларында түпкілікті кәсіби мектептен өткен опералық, симфониялық техниканы меңгерген және фольклорлық деректерді пайдалануда неғұрлым терең әдістерге бара біліп, солардың негізінде қазіргі ұлттық музыканы дамытуды нығайта түскен ұлттық композиторлардың бүтіндей бір шоғырының пайда болуы» (Сосонкин, Рыбак, 1983: 219) болды. Ірі формадағы Европалық музыкалық жанрлардың жетістіктері көптеген қиыншылықтармен жүрді. Қазақстан композиторларының шығармашылығына, кез-келген опералық музыкалық шығармада «халықтық», «партиялық» элементтің болуы талабының абсолюттендірілуінің де залалы тиді. Қазақстан опералық



жанрларында белсенділік танытқан орыс тілді композиторлардың қазақ тілін білмеуі де, олардың шығармашылығына нұсқан келтірді. Қазақ әндерінің табиғатын, тарихын, ән тексттерінің мазмұнын білмей, оны жаңа опералық үлгілерде өңдеу барлық уақытта сәтті шықпады.

Осыған орай, 1953 жылдың 20-22 желтоқсанында Қазақстан Композиторлар одағының VI пленумы өткізілді. Пленумда; қазақтың халық ән шығармашылығының күй ырғағы үндестілігінің негіздері, Абай Құнанбаевтың ән мұрасы арнайы қаралды. Жарыссөзде өз пікірін білдірген музыкатану шығармашылық секциясының мүшесі, музыка зерттеушісі Ғ. Бисенова нақ осы мәселелерге назар аударды. «Осыған байланысты мен біздің композиторларға, әсіресе, халық шығармашылығымен байланысты өнер танушыларға қазақ тілін оқып білуді байсалды қолға алуын тілер едім», - деп атап көрсетті ол. «Өйткені көптеген түсініспеушіліктер олардың халық әндері мен басқа да шығармалардың тексттерін білмегенінен болып отыр, көптеген өкінішті әңгімелердің айтылып жүргені де сондықтан» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 66-іс, 15-п.) деді. Қазақ әндерінің ірі музыкалық формаларда сәтсіз өңделуі, сөзі мен музыка ырғағының сәйкессіздігінен де көрінді.

Пленумда сөз алған композитор Қ. Тастанов одақ мүшелерінің назарын осы мәселеге аударып: «Қазақстан композиторлары жазған әндердің барлығы бірдей талаптарға жауап бермейді. Өзінің тақырыптық жағынан маңыздылығына қарамастан, бұл әндер музыкалық жағынан сәтсіз шығуда, ойдан шығарылған әндер тексттің мазмұндарына сәйкес келмейді, көптеген әндер үйлесімділік тұрғысынан назар аударуға тұрмайды, мұндай сүйемелдеушілік әннің көркемдік мазмұнын ашуға жәрдемдеспейді. Иван-Сокольскийдің «Қазақстан туралы әні», Абай текстеріне жазылған Великановтың өлеңдері сондай әндерге жатады. Меніңше оның себептері біріншіден, біздің композиторлардың текст мазмұндарын түсінбейтіндігінен немесе текстті таңдаудағы байыпсыздықтан болып отыр» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 66-іс, 106-п.) деп атап көрсетті. Алайда, әміршілдік-әкімшілік жүйе шеңберінде Қазақстан композиторларының табыстары Европалық музыка жанрларындағы жетістіктермен өлшеніп, халықтық ән мұраларының кемсітіле бастауы жағдайында қалыптасқан тенденцияны дер кезінде түзету оңай болмады.

1954 жылдың 9-10 желтоқсан күндері өткен композиторлардың VII-Пленумында «Қазақстан композиторларының шығармашылық қызметі туралы» мәселе қаралды. Күн тәртібі бойынша баяндама жасаған одақ төрағасы М. Төлебаев халық әндерін өңдеудегі сәтсіздіктерге арнайы тоқталды. Істің насырға шапқаны сондай, М. Төлебаев кейбір композиторлар тарапынан халық әндерін өңдеудің «халық әндерін көшірмелеуге», «халық әндерін тегістеп, ажарлауға» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 78-іс, 2-п.) айналып бара жатқанын айтып өтуге мәжбүр болды. Халықтық ән мұраларға деген селсоқтық осы пленумның талқылауына халық мелодистері шығармаларының ұсынылмауынан да байқалды. Қазақ әндері табиғатының бұрмалануы бір жағынан оны Европалық музыкалық жанрлар үлгісіне жөн-жосықсыз, қалай болса, солай бейімдеу арқылы жүрсе, екінші жағынан міндетті түрде «тақырыптық», «мамандыққа қатысты» және «өндірістік» әндер жазу талабынан туындады. Мұндай әндерде міндетті түрде екпінділік, марштық, оптимистік элементтер болу тиіс еді.

Композиторлардың қалыпты шығармашылығына әміршілдік жүйенің тапсырыстық жұмыс әдісі де кері әсер етіп отырды. Кеңес жүйесі өзінің кезекті «тарихи жеңістерінің» тез арада өнердің барлық салаларында игерілуіне мүдделі болып, Шығармашылық одақтардың шығармашылығында формализм элементтерін күшейтті. 1950 жылдардың ортасында Композиторлар одағының жанындағы халық шығармашылығы секциясының жойылып, республикалық халық шығармашылығы үйіне берілуі қазақтың халық әндеріне деген немқұрайлықтың белең алғанын көрсетті.

1955 жылдың 13-17 желтоқсан аралығында Композиторлар одағының II-съезі шақырылды. Есепті баяндама жасаған одақтың төрағасы М. Төлебаев Қазақстан композиторларының ірі музыкалық формалардағы сөзсіз табыстарымен қатар, орын алған кемшіліктерге: «Мұндай көңілсіз құбылыстар өнер жөніндегі Басқарманың жүзеге асырып отырған мерезді тапсырыстар жүйесімен тереңдей түсуде. Әннің мәтіні ақынға тапсырылады, онан кейін Басқарма композиторды шақырады, оның алдына жаңа текстерді жайып салып, таңдауын талап етеді. Композитор оны таңдап көріп, бірде-бір тексттің оның шығармашылық ойымен сәйкес келмейтіндігіне көзі жетеді. Алайда, басқарма талап етіп отырғандықтан



жазу керек. Осылайша, көп жағдайларда сұрқай штамптық өлеңдер туады» деп түсінік берді (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 91а-іс, 26-п.).

Баяндамасында М. Төлебаев халық әндерін өңдеудегі өрескіл қателіктерге, өзінің тілімен айтқанда «халық әндерін көшірмелеу», «халық әндерін тегістеп ажарлау» проблемаларына тоқтамай кете алмады. Бірақ бұл жолы ол жұмсартылып «шеберліктің жетіспеушілігімен» түсіндірілді. «Біз орын алған кемшіліктерді айқын түсінеміз», - деп атап көрсетті ол. «Олар ең бірінші кезекте шеберліктің жетіспеушілігінен болып отыр» деді (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 91а-іс, 15-п.). Қазақ халқының дәстүрлі ән мұрасына деген жауапсыздық көп ұзамай одақ шеңберінен шығып, қоғамдық сипат алды. Қазақ әндері мұрасын игеру, өңдеудегі келеңсіз құбылыстар кәсіпқой музыканттарға ғана емес, қарапайым көзге де мәлім еді. Нәтижесінде 1956 жылдың 9 наурызында «Қазақ әдебиеті» газетінде ақын Қ. Бекхожиннің «Аса қадірлі асыл мұра жайында» атты мақаласы шығып, белгілі Қазақстан композиторлары өткір сынға алынды. Мақалада қазақ операларының, балеттерінің - халық ән-күйлерін формальды түрде қалай болса солай тықпалағандықтан сәтсіздікке ұшырап, жарамсыз болып қалып жатқаны атап көрсетілді.

1956 жылдың 8 мамырында Композиторлар одағында осы мақалаға қатысты пікірталас ұйымдастырылды. Пікірталасқа мақала авторы Қ. Бекхожин де қатысты. Пікірталасқа төрағалық еткен музыка зерттеушісі В. Аравин Қ. Бекхожинді «халық шығармашылығына марксистік емес объективистік тұрғыда қарағандығы» үшін сынға алды. Одақ мүшелерінің аз ғана бөлігі Қ. Бекхожинді сынауға қатысқанымен көпшілігі қалыс қалды. 1956 жылдың 14 маусымында «Казахстанская правда» газетінде Қ. Бекхожиннің мақаласына жауап ретінде Е. Брусиловский, Қ. Қожамьяров, Б. Ерзакович, Б. Байқадамов, М. Төлебаев жазған «Халық шығармашылығын зерттейік және дамытайық» атты мақала шықты. Мақала авторлары Қ. Бекхожинді барынша кінәлауға тырысқанымен, олардың уәждері нанымсыз шығып жатты. Оны осы жылы Қазақстан баспасөзіне шыққан әдебиетші ғалымдар мен музыка зерттеушілерінің бірнеше мақалалары да көрсетті (Мессман, 1956: 4; Бердібаев, 1956: 6). Сонымен, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан музыка өнерінде бір жағынан ірі формадағы Европалық музыкалық үлгілердің дами түсуі байқалса, екінші жағынан, дәстүрлі халықтық мелодиялық әндерге деген немқұрайлылық байқалды.

Ірі формадағы музыкалық үлгілердің дами түскенін қазақтың опералық артистерінің; Ш. Бейсанов, Р. Мусабекова, Ғ. Құрмағалиева, К. Кенжетаева, Р. Жаманова, Е. Серкебаев, С. Әбжанов, А. Байғожаев, Э. Епонешникова, ағайынды Мәлік және Ришат Абдуллиндер, М. Толыбаев, Ә. Байқадамова, А. Мусабеков, А. Байтоғаев, Б. Сарманов секілді бір топ шоғырының қалыптасуынан көре аламыз. Қазақ опера өнерінің ілгерілегенінің тағы бір мысалы 1950 жылдар ішінде орыстың классик композиторы М. Глинканың «Иван-Сусанин», «Руслан мен Людмила», П. Чайковскийдің «Евгений Онегин», итальян композиторы Д. Пуччинидің «Чио-Чио-сан», грузин композиторы З. Палиашвилидің «Ымырт» (Даиси) атты классикалық операларының қазақ группасы күшімен қазақ тілінде қойылуы болды.

Еуропалық жанрлар мен үлгілердің сөзсіз табыстарын 1958 жылы М. Әуезов: «Қазақтың сан салалы көркем өнері қазіргі уақытта есейген көркем өнерге айналып отыр. Мұнымызға дәлел ретінде «Абай» операсы мен «Біржан-Сара», «Ер-тарғын» мен «Қыз Жібек», балеттерден «Қамбар-Назымды», «Достық жолын», көркем өнердің гүлденген жарқын бақшасы «Руслан мен Людмиланы», «Евгений Онегинді», «Бақшасарай фонтаны» мен «Кармен» спектакльдерін айтуға болады. Қазақтың академиялық опера және балет театры қазір Абайдың есімімен аталады. Оның құрамында көрнекті әншілер мен келешегі мол балетшілер, талантты режиссерлар мен художниктер істейді» деп атап көрсеткен еді (Ауезов, 1958: 3). 1958 жылы Қазақстан мәдениетінің Мәскеудегі онкүндігінен кейін нақ осы салаларда жемісті еңбек еткен республиканың музыка қайраткерлері М. Төлебаев, Е. Серкебаев және Р. Жаманова Қазақ КСР-і халық әртісі және КСРО халық әртісі атақтарына ие болды.

1950 жылдардың аяғында Қазақстан Композиторлары одағының ұйымдастыруымен жүргізілген үлкен іс-шарлардың бірі 1957 жылдың 11-20 қарашалары аралығында Алматы қаласында өткен қазан революциясының 40 жылдығына арналған онкүндік болды. Онкүндік күндері астананың ең ірі концерттік мекемелерінде Қазақстан композиторларының танымал шығармалары орындалды. Композиторлар одағы республиканың аймақтарына да бұрынғы жылдарға қарағанда көп көңіл бөле бастады. Сәйкесінше, Одақ мүшелерінің облыстарға



шығармашылық іс-сапарлары жиілей түсті. 1957 жылы композитор Е. Брусилковский іс-сапарын Солтүстік Қазақстанға 25 күнге барып қайтып, нәтижесінде «Даладағы қайындар» кинофильмінің музыкасын жазды. Осы жылы Б. Ерзакович Қарағанды облысында жолсапармен 30 күнге, А. Жұбанов Гурьев облысына 40 күнге, Б. Байқадамов Қарағанды мен Ақмола облыстарына 45 күнге, А. Балғожин Шығыс Қазақстан облысына 30 күнге барып қайтты. Іс-сапарлардың барысында жергілікті жерлерде композиторлардың кездесулері ұйымдастырылып, жаңа шығармалары орындалды. Осылайша іс-сапарлардың саны көбейе түсті.

1958-1959 жылдары Композиторлар одағының мүшелігіне опералық, симфониялық техниканы меңгерген С. Мұхамеджанов, А. Бычков, Ғ. Жұбанова, Е. Рахмадиев сияқты таланттар қабылданды. Жеңіл музыка жанрында Шәмші Қалдаяқов, Александр Зацепин сияқты жастар белсенділік танытты. Әсіресе, дарынды композитор Ш. Қалдаяқовтың шығармашылығы қазақтың мелодиялық әндерін жаңа деңгейге көтере алды. А. Зацепин кейіннен Мәскеуге қоныс аударып, «қайта құру жылдарында» Парижге біржолата көшіп кетті.

1950 жылдары сондай-ақ Композиторлар одағының шетелдермен мәдени байланыстарының қалыптасқан кезеңі болды. Прагада, Будапештте, Берлинде, Бухарестте, Софияда, Варшавада болған жастардың халықаралық фестивальдарында қазақ әншілері Р. Бағланова, Б. Досымжанова, Е. Серкебаев, Р. Мұсабаев, С. Әбусейітов, Р. Жаманова, музыканттар мен дирижерлерден Ғ. Дұғашев, Ф. Балғаева, Ш. Қажғалив және басқалары қатысып лауреат атанды.

1960-жылдардың басында да Қазақстан Композиторлары одағының шығармашылық басым бағыты – ірі формадағы үлгілерде музыкалық шығармалар жазу болып қала берді. 1961 жылдың қараша айының соңғы күндері Қазақстан Шығармашылық одақтары: жазушылар, киноматографистер, композиторлар және суретшілер одағының біріккен Пленумы өткізілді. Күн тәртібі бойынша «КОКП XXII съезінің шешімдері және Шығармашылық одақтардың міндеттері» талқыланды. Пленум КОКП-ның XXII съезінің шешімдерінен туындайтын шығармашылық міндеттерді талқылай келе, Қазақстан Шығармашылық одақтарының өзара байланысына айрықша көңіл бөлінді. Өзара шығармашылық байланыстардың өзектілігіне мына бір фактіде мысал бола алады. Мысалы, сол жылдары Алматы киностудиялары шығарып жатқан кинофильмдердің музыкасын жазуға Қазақстан композиторлары белсенді қатыспады. Кино сценарийлерді жазудағы Қазақстан жазушыларының үлес салмағы жоқтың қасы болды. Сәулетшілер мен суретшілердің арасындағы шығармашылық байланыстар мүлде сын көтермейтін. Пленум орын алған осындай кемшіліктерді жоюдың шараларын белгіледі. Осы мақсатта бұдан былайғы жерде «біріккен» пленумдарды жиі өткізіп отыруға шешім қабылданды.

1960 жылдардың басында композиторлардың шығармаларындағы басты кемшіліктердің бірі бұрынғы жазылған шығармаларды қайтадан редакциялаумен шамадан тыс әуестенушілік болды. 1962 жылдың 2 наурызында шақырылған Қазақстан Композиторлары одағының III съезінде бұл мәселе айрықша талқыланды. Есепті баяндама жасаған С. Мұхамеджановтың, Тексеру комиссиясының төрағасы М. Иванов–Сокольскийдің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғылым мен мәдениет бөлімінің меңгерушісі С. Бейсембаевтың нақ осы мәселеден айналып кете алмауы осыны айқын көрсетті. С. Мұхамеджанов «көптеген жетекші композиторлар әзірше ескі опералық шығармаларын редакциялаумен айналысып, жаңа шығармаларға құлықсыз кірісуде. Осының нәтижесінде өткен алты жылдың ішінде Қазақстан бар болғаны екі опера – Қ. Қожамьяровтың «Назығұмы», Н. Тілендиевтің «Алтын таулары» жазылды» десе, С. Бейсембаев «біздің композиторларымыз жаңа опералар жазудың орнына өздерінің шығармашылықтарын қайта өңдеумен айналысуда» (ҚР ОМА. 1840-к., 1-т., 202а-іс, 8, 9, 182-п.) деп атап көрсетті. Дегенмен, Е. Рахмадиевтің «Толғау» симфониялық поэмасы сәтті туынды ретінде лирикалық және хикаялық сипаты оңды баға алды. Оның М. Төлебаевтың «Қазақстан», «Той», К. Мусиннің «Жайлауда», С. Мұхамеджановтың «Қуаныш отаны» туындыларының заңды жалғасы екендігі көрсетілді (Кетегенова, Нусупова, II-том, 2017: 47).

Съездегі ресми есепті баяндамаларда кейбір композиторлардың мелодиялық әндер жазудағы табыстары аталып көрсетілмеді. Осы жылдары танымал бола бастаған Шәмші Қалдаяқовтың мелодиялық әндерінің сөзсіз табыстары есепті баяндамада атап өтілмеді. Қайта керісінше, музыка зерттеушісі Ахметова композитор туралы жылы пікір білдіргендігі үшін



съезд үстінде-ақ Мәдениет министрі Л.Г. Ғалымжановадан сыни ескертпе естіді. Мәдениет министрінің: «... Ахметова «Ақ маңдайлым»-ның (Ш. Қалдаяқовтың әні) танымал ән болғандығын айтып кетті. Мен, бірақ әннің сапасы төмен деп есептейтін адамдарды да білемін» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 202а-іс, 165-п.) деуі, қазақтың мелодиялық әндеріне деген ресми көзқарастың дәрежесін көрсетті.

Съездің шешімдерінде Композиторлар одағының басты міндеттерінің бірі сол заманның өзекті тақырыптарына ірі опералық және балеттік шығармалар, симфониялар, ораторийлер жазу болып көрсетілді. Съезден кейінгі жылдары одақ басқармасы мен шығармашылық секцияларының ауқымды іс-шараларының бірі 1963 жылы Өскемен қаласында өткізілген Қазақстан композиторларының музыкалық фестивалі болды. Фестиваль күндері облыс жұртшылығы Қазақстан композиторларының жаңа шығармашылығымен танысты. Әсіресе, жас композиторлардың шығармалары фестиваль күндері жиі орындалды.

1963 жылдың желтоқсан айында одақ басқармасының жас композиторлардың шығармашылығына арналған Пленумы өткізілді. Пленум жас композиторлар шығармашылығының жәй жапсарын талқылады. Осы орайда, пленумда сөйлеген Ш. Қалдаяқовтың сөздері Қазақ радиосы, музыка редакциясының жұмысындағы келеңсіз құбылыстардан хабардар береді, ол: «Мен радиода істеген едім. Онда мынандай мәселе бар екен, егер барлық жақсы әндерді осы аптада беріп жіберсең, келесі аптада бұл шығармаларды қайталауға тура келеді. Сондықтан, олар, ортаңқол шығармаларды да жіберіп отыруға мәжбүр. Алайда, ортаңқол шығармаларды көркемдік кеңес неліктен қабылдайды, мәселе сонда болып тұр. Басты мәселе осында» деп атап көрсетті (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 10-іс, 24-п.).

1964–1965 жылдары Қазақстан композиторларының туысқан республикалардың композиторларымен байланыстары нығая түсті. Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан композиторлары шығармаларының «Достық» концерттері ұйымдастырылды. Новосибирск қаласында Қазақстан композиторларының симфониялық концерті өтті. 1965 жылы өткен Басқарма Пленумы симфониялық жанрдағы шығармаларға арналды. Осы жылы Қарағанды облысында Қазақстан композиторлары шығармаларының фестивалі табысты өтті.

Шығармашылық секциялардың жұмысында да ілгерілеушілік байқалды. Мысалы, 1963–1967 жылдары аралығында опералық-симфониялық секция, ән-хор және камералық музыка секциялары 11, балалар музыкасы секциясы 5 мәжіліс өткізді. Бұл жылдары С. Мұхамеджановтың «Ай-сұлу», С. Рахмадиевтің «Қамар сұлу», Е. Брусиловскийдің «Мұрагерлер», композиторлар Г. Гризбил, Е. Рахмадиев, А. Бычковтың «Дала шапағы» опералары жазылып, Ғ. Жұбанованың «Ақ көгершін туралы аңыз», «Херосима», К. Қожамьяровтың «Чинтемир мен Махтум» балеттері қойылды. Аталған авторлар мен олардың шығармашылықтары одақ көлеміндегі мамандардан лайықты бағасын алды. Айталық, Т. Хренников, Р. Шедрин сияқты атақты композиторлар Е. Рахмадиев шығармашылығын жоғары бағалады (Рахмадиев, 2019: 3).

1968 жылдың 18 наурызында Қазақстан композиторларының IV съезі болып, ол композиторлардың алты жылдан астам уақыттан бергі жұмысын қорытындылады. Съезде композиторлардың жұмыстары қорытындылана келе маңызды тұжырымдар жасалды. «Егер біз, - деп атап көрсетті, есепті баямдамашы Ғ. Жұбанова, - бұрын қазақ симфониясы мен ораторийінің пайда болғанының өзіне қуанған болсақ, қазақ композиторларының әрбір жаңа ірі шығармасына оқиға ретінде қарасақ, стастикалық көрсеткіштер және формальдық жанрлар ендігі жерде бізге аздық етеді. Қазақ музыкасының дамуы тереңдей түсті, демек, осыған сәйкес жаңа шығармаларға, авторлардың жеке басына деген талаптар жоғарылады» (ҚР ОМА. 1840-қ., 1-т., 270а-іс, 11-п.) деді. Осы жылдары қазақ өнерінде дарынды композитор Ғазиза Ахметқызы Жұбанованың «Хиросима» операсын жұртшылық аса жоғары бағалады. Ол, атақты композитор әкесінің лайықты қызы және шығармашылық дәстүрлері мен ұстанымдарын жалғастырушы болды. Оны өзінің парызы және ұлтқа қызметке етудің үлгісі деп білді (Абдрахман, Джумакова, 2017: 6). Симфониялық жанрда В.В. Великановтың «Қазақ симфониясы», Е. Брусиловскийдің бірнеше симфониясы, С. Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториясы, М. Төлебаевтың «Жастық» сюиталары, Ғ. Жұбанованың «Жігер», «Дала қызы», «Жалғыз емен» музыка мәдениетінің биік жетістіктері. Б. Байқадамов, Н. Тілендиев, С. Керімбаев, Ш. Қалдаяқов, Ә. Еспаев, Ә. Бейсеуов және тағы басқа



композиторлардың әндері көпшіліктің қалауларына айналды (Қожырұлы, 2010: 11). Тіпті көркемдік кеңестің рұқсатына қарамастан Е. Хасанғалиев пен Н. Нүсіпжанов орындауындағы «Арыс жағасында» әні халықтың арасында айрықша танымал болып кетті. Алайда рұқсат етілмеген әннің эфирге жіберілуіне сәйкес музыкалық редактор ретінде Е. Хасанғалиев және орындаушы ретінде Н. Нүсіпжанов радио жетекшілері тарапынан сөгіс алды (Кетегенова, Нусупова, III-том, 2017: 482). Себебі шығармалар эфирге жіберілместен бұрын көркемдік кеңесте әбден талқыланатын практика болды. Оның ұнамды жағы да болды. Әннің мәтініне айрықша мән берілді.

Съезд Қазақстан композиторлары шығармаларының сандық көрсеткіштеріне емес, сапалық деңгейін жақсартуға назар аударды. Мұнымен қатар ірі музыкалық жанрларда жазып жүрген композиторлар тарапынан опералық, симфониялық жанрлардың насихатталуының сын көтермейтіндігі айтылды. Алайда, мәселе тек оларды насихаттауда ғана емес еді. Қазақстан тыңдаушыларының арасында Еуропалық жанрлардың беделі дәстүрлі түрде төмен болды.

Алайда, өткен ғасырдың 1960-шы жылдары Еуропалық музыка өнеріндегі жаңа бағыт вокальді аспаптар ансамбльдері шығуы атақты ағылшындық “Beatles” (Битлз) тобымен байланысты еді. 1967 ж. Қазақстандағы осы үлгіде құрылған ең алғашқы ұжымдардың бірі «Дос-Мұқасан» ансамблі болды (Қазақстан композиторлары, 2011: 133). Осы жылдары композитор Ә. Бейсеуовтің танымалдылығы шырқау шыңына жетіп, 1969-1970 жылдары «Гүлдер» ансамблінде қызмет етті (Әсеттің әсем әндері, 2015: 3). 1968 ж. «Қазақфильм» киностудиясының музыкалық редакциясын басқарған Н. Тілендиевтің шығармашылық таланты кемеліне келді. Ол 1952 жылдан бастап 1960 жылға дейін Абай атындағы опера театрының симфониялық оркестрі бас дирижерының орынбасары, 1960-1968 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптары оркестрының бас дирижеры қызметтерін атқарған еді (Нұрғиса Тлендиев, 2020: 6). Осы ұжымдармен жеке композиторлардың шығармашылық қуаты 1970-ші жылдары жарқырай көрініп, қазақ музыка мәдениетінің деңгейін жаңа сатыға көтерді деуге болады. Қазақстан композиторлар одағы жас таланттардың шығармашылық шеберліктерін арттыру бағытында Мәскеу мен Ленинградтың және шетелдің музыкалық ұжымдарында тағылымдамадан өтуді ұйымдастырып отырды.

Қорытынды. Қорыта келгенде идеологиялық өктемдік жағдайына қарамастан Қазақстан композиторларын біріктірген кәсіби шығармашылық ұйымның болуы, отандық музыкалық мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқарды. Мәртебесі мемлекеттік саясатпен белгіленіп отырған «өндірістік», «тақырыптық», «мамандыққа қатысты» әндер мен Еуропалық музыкалық жанрлардың халықтың арасында таралуы баяу жүрді. Әндердің алғашқысын тыңдаушылар шын мәнінде қабылдаса, классикалық музыкалық жанрлардың тыңдаушылардың арасына орнығуы үшін қажетті дайындық жұмыстары жүргізілмеді. Мұның барлығы тыңдаушылардың терең немқұрайлылығын тудырды. Соған қарамастан 1960-1970 жылдары қазақ композиторларының кәсіби шығармашылығының өсуінде зор ілгерілеушіліктер байқалды. Жекеленген композиторлар үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болды және нәтижесінде сапалы туындылар дүниеге келіп халықтың игілігіне айналды. Пародоксалдылығы сонда Композиторлар одағындағы көркемдік кеңес, әртүрлі секциялардың қалыпты жұмыс істеуінің оң нәтижелері де болды. Мұндай жағдайда ән мәтінінің мазмұнына, музыкалық туындының кәсіби сапасына, орындалуына және әншілерді таңдауға өте үлкен мән берілді. Жарты ғасыр өтсе де әлі күнге дейін Қазақстандық «алпысыншы жылдықтар» ұрпағына жататын Ш. Қалдаяқов, Ә. Бейсеуов және Ә. Еспаевтардың әндері зор сұраныспен орындалатындығы соның куәсі. Композиторлар одағының жолдамаларыменен Қазақстан композиторлары Мәскеу мен Ленинград қалаларындағы консерваторияларда өздерінің білімдерін жетілдіруге мүмкіндіктер алды. Бұл жылдары қазақ эстрадасының табыстары да республика көлемінен шығып, одаққа танымал бола бастады. Аталған кезеңдегі Қазақстан композиторлары одағы мен олардың жекеленген мүшелерінің өз мамандығына деген адалдығы мен кәсіби шеберлігі кейінгі отандық әншілер мен музыканттар үшін тағылымдық маңызы зор болғандығы сөзсіз.

Деректер

ҚР ОМА - Қазақстан республикасы орталық мемлекеттік архиві



Әдебиеттер тізімі

- Абдрахман, 2017 - *Абдрахман Г., Джумакова У.* Приношение Газизе Жубановой: научно-документальный портрет. Астана: Фолиант, 2017. 256 б.
- Ауезов, 1958 - *Ауезов М.О.* В цветущем саду // *Правда*, 1958, 12 декабря, с. 3.
- Әсеттің әсем әндері, 2015 - *Әсеттің әсем әндері*. Екі томдық, 1-том. Құрастырған: Н. Нүсіпжанов, А. Бейсеуов. Алматы: Өлке, 2015. 416 б.
- Бердібаев, 1956 - *Бердібаев Р.* Музыка мұқтажы // *Қазақ әдебиеті*, 1956, Тамыз, б. 6.
- Власова, 2022 - *Власова Е. С.* «Коллектив профессиональных композиторов» как «первичная ячейка» ССК СССР // *Opera musicologica*, Т. 14, 2022, № 2, с. 132–158.
- Кетегенова, 2017 - *Кетегенова Н.С., Нусупова А.* Қазақстан композиторлары – Композиторы Казахстана. Творческие портреты. В трех томах. II-том. Алматы: АО «Алматы-Болашақ», 2017. 624 б.
- Кетегенова, 2017 - *Кетегенова Н.С., Нусупова А.* Қазақстан композиторлары – Композиторы Казахстана. Творческие портреты. В трех томах. III-том. Алматы: АО «Алматы-Болашақ», 2017. 576 б.
- Қазақ ССР-і тарихы, 1984 - *Қазақ ССР-і тарихы*. 5-том. Алматы: Ғылым, 1984. 728 б.
- Қазақстан композиторлары, 2011 - *Қазақстан композиторлары* – Композиторы Казахстана. Анықтамалық. Справочник. Алматы: Sansam, 2011. 216 б.
- Қожырұлы, 2010 - *Қожырұлы Б.* Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары (антология). I-том. Алматы: Елтаным. 2010. 640 б.
- Мессман, 1956 - *Мессман В.* Өткен жолдар мен жаңа талаптар // *Қазақ әдебиеті*, 1956, 27 шілде, б. 4.
- Нұрғиса Тлендиев, 2020 - *Нұрғиса Тлендиев: кітап-альбом*. Алматы: Өнер, 2020. 280 б.
- Рахмадиев, 2011 - *Рахмадиев Е.* Бала ғашық. Әндер, романстар. Алматы: Sansam, 2011. 328 б.
- Сосонкин, 1983 - *Сосонкин И.Л., Рыбак Л.А.* Художественная культура в условиях некапиталистического развития. Ашхабад: Ылым, 1983. 219 с.
- Шадрин, 2013 - *Шадрин В.О.* Советские композиторы и власть во второй половине 1950-х годов: речь Д. Т. Шепилова на съезде композиторов как провозглашение новых принципов взаимодействия // *Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение, Вопросы теории и практики*, в 2-х ч. Ч. II, № 7 (33), 2013. Тамбов: Грамота. с. 205-208.

Sources

CSA RK - Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

References

- Abdrakhman G., Dzhumakova U. Offering to Gaziza Zhubanova: A Scientific and Documentary Portrait. Astana: Foliant, 2017. 256 p. (In Rus.)
- Auyezov M.O. In a Blooming Garden. *Pravda*, 1958, December 12. Pp. 3. (In Rus.)
- Beautiful Songs of Aset. In Two Volumes. III-vol. Compiled by: N. Nusipzhanov and A. Beiseuov. Almaty: Ulke, 2015. 416 p. (In Kaz).
- Berdibaev R. The Need For Music. *Qazaq Adebieti*, 1956, August, Pp. 6. (In Kaz).
- Vlasova E. S. “Collective of professional composers” as a “primary cell” of the SSK of the USSR. *Opera musicologica*, Vol. 14, 2022, No. 2, Pp. 132–158. (In Rus.)
- Ketegenova N.S., Nusupova A. Composers of Kazakhstan. Creative Portraits. In Three Volumes. II-vol. Almaty: AO “Almaty-Bolashaq”, 2017. 624 p. (In Kaz).
- Ketegenova N.S., Nusupova A. Composers of Kazakhstan. Creative Portraits. In Three Volumes. III-vol. Almaty: AO “Almaty-Bolashaq”, 2017. 576 p. (In Kaz).
- History of the Kazakh SSR. 5-vol. Almaty: Gylym, 1984. 728 p. (In Kaz).
- Composer of Kazakhstan. Reference. Almaty: Sansam, 2011. 216 p. (In Kaz).
- Qojyruly B. Famous Musicians of the Kazakh Country (Anthology). I-vol. Almaty: Eltanym, 2010. 640 p. (In Kaz).
- Messman V. Past Ways And New Demands. *Qazaq Adebieti*, 1956, July 27, Pp. 4. (In Kaz).
- Nurgisa Tlendiev: Book-Album. Almaty: Art, 2020. 280 p. (In Kaz).
- Rahmadiev E. The Boy Is In Love. Songs, Romances. Almaty: Sansam, 2011. 328 p. (In Kaz).
- Sosonkin I.L., Rybak L.A. Artistic Culture in the Conditions of Non-Capitalist Development. Ashkhabad: Ylym, 1983. 219 p. (In Rus.)
- Shadrin V.O. Soviet Composers and Authorities in the Second Half of the 1950s: D. T. Shepilov’s Speech at the Congress of Composers as the Proclamation of new Principles of Interaction. *Historical, philosophical, political and legal sciences, cultural studies and art history, Questions of theory and practice*, In 2 parts, Part II, No. 7 (33), 2013, Tambov: Gramota, Pp. 205-208. (In Rus.)



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
